



**Е.А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
ЭКОНОМИКА ФАКУЛЬТЕТІ
ФК-41 ТОБЫНЫҢ СТУДЕНТІ
ТЕМІРБЕКОВ БЕКЖАН АҒАБЕКҰЛЫ**



ИСЛАМ ДАМУ БАНКІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАНҒА ЕНУІ



“Ислам Даму банк” тарихы

Біздің заманымыздың VIII – XIII ғ.ғ. Аралығы Ислам әлемінің Алтын Ғасыры кезіні болып саналады. Ол кездері Ислам әлемі Халифаттық басқару жүйесінде болды. Нарықтық экономика, саудагерлік пен айырбас жасау кеңінен тарады. Нарықта қарызға алу қатынасы дами түсті. Міне, осындай экономикалық белсенді өмір ислами банктің негізі болатын. Адамдар арасында экономикалық серіктестіктер орнады. Мысалыға: Муфауада – қатысушалар санына шектеу қойылмайтын, бір мақсатқа жұмылған әріптестердің серіктесуі. Бұдан бөлек Мудароба деген серіктестіктің түрі болды. Мудароба бойынша әріптестердің санына шектеу қойылады. Әл-Мал деген ислами негіздегі капитал пайда болды. Ортағасырлық Ислам қоғамында жетілген қаржылық институттар мен экономикалық негіздер ортағасырлық Еуропаға ауысып (XIII ғ. бастап), ол жерде одан әрі дами түсті.

Ислам банктерінің тарихы исламның алғашқы пайда болғаннан бастау алады. Ислам Өркениетінің қолдауымен арабтан шыққан Мұсылмандар Римдіктер қолданысқа енгізген банктік істі қабылдап қана қоймай, оны жетілдіре түсті. Мұның барлығы Шариғатының ұстанымдары мен ережелеріне сәйкес жасалған болатын.



Исламдық банк жүйесі — Шариғат (Ислам дінінің қағидалары) рұқсат еткен істерді атқару арқылы банктік қызметтерді көрсету жүйесі. Ислам дінінде пайыз алу/беруге тыйым салынған. Сол себептен де Исламдық банк жүйесінде қарапайым банктердегідей өсімқорлық жоқ. Пайыздық өсімсіз қызмет етуіне қарамастан Ислам қаржы жүйесі ең жылдам өсуші сегмент болып табылады. Жылына 15 пайызға өсетін исламдық негіздегі активтердің жиынтығы 800 миллиард АҚШ долларын құрайды.

Ислами банк жүйесінің принциптері:

- 1) Шариғат заңдарын орындау – Исламдық банктердің айнымас, ажырамас қағидасы. Бұл қағидалар өздеріне тиісті принциптер бойынша іске асады.
- 2) Ысырап жасамау;
- 3) Заңсыз және ретсіз монополияға тиым салу;
- 4) Тауарға қойылатын бағаның шектен тыс қымбат болмауы;
- 5) Шариғат пайдалануға тыйым салатын заттар мен тауарларды жасауға және сатуға тыйым салу;
- 6) Ұрланған және ұқыпсыз заттарды сатуға тиым салу;
- 7) Алдап-арбамау, алаяқтық жасамау;
- 8) Бастапқы капиталдың шариғат үкімдеріне сай адал жолмен келуі.



Исламдық қаржы

Үлескерлік қаржыландыру

Мушарака

- Тұрақтыя
- Кемитін
- Уақытша

Мудараба

Гибридті құралдар

Артықшылықты
акциялар

Лизинг

Сукук

Варрант (кепілдеме)

Конверсияланатын
қағаздар

Борышқорлық қаржыландыру

Мурабаха

Иджара

Истисна'а

Салам



СУКУК: ТҮСІНГІ

- **Сукук – Шариат заңдарымен шығарылған, материалды активтермен қамтылған ұзақ және қысқа мерзімді бағалы қағаздар (оны «исламдық облигациялар» деп те атайды).**
- Сукук қағаздары мұсылмандарға ссудалық пайызды (риба) алуға рұқсат етпейтін ислам заңына қайшы келмей, қаржыларды пайда табу мақсатында инвестициялауға мүмкіндік береді
- Сукук діни сенімге қатысты жай қарыздық қаржылық құралдарға инвестиция жасай алмайтын ислам инвесторларының қаражаттарын тартады.
- Сукук эмитенттері болып исламдық және исламдық емес ұйымдар саналады.



СУКУК: ТҮСІНІГІ

Сукук - араб. صكوك, от «صك Сакк» — «заңды құжат, акті, түбіртек»

«Сукук исламдық облигация» болып саналады деген дұрыс емес тұжырымдама. Мұнда қарызға негізделген Сукук келісімдері де жай облигациялардан ерекшеленеді.

- **Жай облигация:** Эмитентке таза қарыздық ауыртпашылық салу.

- ❖ Кредитор/Қарызгер – бұл ақшаны ақшаға алу қатынасы.

- ❖ **Сукук сертификаты:** Нақты немесе жоспарланған активтегі меншік үлесі.

- ❖ Эмитент пен инвестор арасындағы қатынас қарастырылып отырылған бизнесте нақты түсінушілікке негізделген.

- ❖ Сукук бойынша берілген қарыз ақша үшін ешқандай үстеме ақы қосып толеу міндеті жүктелмейді. Жобадан түскен пайдадан ғана серіктестер өзара тиісті олжаларын бөліп алады.

СУКУКТАҒЫ ТИЫМДАР

Ең бастысы бұл өсімқорлық (риба) тыйымы, яғни процент төлейтін және алым мен байланысты емес операциялар.

Шарт жасасқан кездегі белгісіздік, тәуекелділік (гарар).


Абайсыз жағдайлардан алынған табыс (майсир) құмар ойындар.

Шошқа, алкоголь, темекі және т.б. исламмен харам болып саналатын бизнесінің акцияларын инвестициялау және қаржыландыру.


Ислам бағалы қағаздарының ең басты ережелерінің бірі – активті айырмашылығы бар бағамен сату, яғни қарызы бар активті сатып алып оның номиналды бағасынаң басқа бағаға сатуға болмайды (риба).

Соңғы жылдар үрдісі: сукукты шығарудың қарқынды өсуі

Сукуктың дүниежүзіндегі жалпы шығарылымы, млн. \$




Сукукты сатып алатын исламдық емес инвесторлардың үлесі Қаңтар 2015



■ Исламдық инвесторлар

■ Исламдық емес инвесторлар

Қаңтар 2016




Қарқынды өсудің себептері:



- Көптеген мұсылмандық мемлекеттер мұнайға бай аумақтарда орналасқан (Сауд Арабиясы, БАӘ, Катар, Бахрейн және т.б.), бұл мемлекеттердегі мұнайдолларының үлкен ағыны *үлкен ерікті өтімділікті* қамтамасыз етеді. АҚШ пен Еуропадағы өтімділік дағдарысының жанында бұл ресурстарды ислам заңдарына жауап беретін құралдар арқылы тиімді пайдалануға болады.
- *Исламдық мұнай мемлекеттерінің қарқынды дамуы* ссудалық пайыз тыйымын бұзбай отырып, қосымша қаржылық ресурстарды жұмылдыруды қажет етеді.
- Мұсылмандардың дүниежүзі бойынша бизнестегі белсенділіктерінің артуы.
- *Ислам – әлем діндерінің арасындағы қарқынды өсетін дін.* Ислам дінің ұстанатындар саны 1,6 млрд. адамды құрайды. Олардың саны Еуропада мигранттар мен еуропалық мұсылмандардың тууларының көбеюі салдарынан үнемі өсіп отырады. Қазір ЕО-та ислам ерушілерінің саны 16 млн. құрайды.
- 1) Сукук – нақты активтерге салынатын инвестициялар, қарызгердің абыройына салынатын инвестиция емес. Сукукқа сұраныс бәсекелестік жағдайда құрылады.
- 2) Қарызгер тәуекелдерді кредитормен бірге бөледі. => сукук – «қорғану құралы», нарықтық тәуекелдерді жеңілдетеді.

Сукукты Қазақстан нарығында шығарудың мүмкіндігі



2013 жылдың 20 шілдесінде «Қазақстанның Даму Банкі» (ҚДБ) АҚ «Сукук «аль-Мурабаха» 240 миллион малайзиялық риггиттер сомасындағы жылдық 5,50%-бен және 5 жылдық өтеу мерзімімен исламдық облигацияларды ойдағыдай шығарды.

Банк 62% малайзиялық инвесторлар арасында, ал қалған 38% Қазақстан нарығында бөлінгендігі туралы хабарлады.

«Қазақстан Даму Банкі» бұрынғы кеңес үкіметі жерінде Шариат принциптері мен нормаларына сәйкес исламдық бағалы қағаз Сукукты шығарған бірінші мемлекет болды.



МҰДАРАБА



Мұдараба, негізінде, капиталы бар мен тәжірибесі бардың бірлігіне негізделеді: олардың бірініші тарабы капитал ұсынса, екіншісі тәжірибесі мен басқаруды ұсынады. Бұның себебі «халал» (заңды) пайда табуда; аталған пайда олардың арасында алдын ала жасалған келісім бойынша үлестіріледі, сонымен бірге шығындарды капиталдың иегері тартады. Капитал салушы Раб-әл-Мәәл, ал банк Мұдариб деп аталады.

ИДЖАРА

Жалға беру – бұл активтерді сату емес оның пайдасын немесе пайдалану құқығын сату не белгілі бір сыйақыға айырбастау.

Ол шарт ретінде белгіленуі мүмкін, яғни жалға беруші біреудің пайдалануына белгілі бір дүниеден немесе қызметтерден түсетін пайданы келісілген жалға беру төлемдерге айырбастап белгілі бір мерзімге ұсынады.

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ИСЛАМИ БАНКТЕР

Осы күндері бүкіл әлем бойынша 50-ден астам елде 300-ге жуық ислами банк қызмет етеді. Олардың активтері пашамен 700 млрд. -- 1 трлн. АҚШ долларына тең, қызмет ету аумағы тек қана араб елдерінде ғана емес, сондай-ақ, АҚШ, Канада, Ұлыбритания және Австралияда таралған. Олардың тұтынушылары мен клиенттері тек қана мұсылмандар емес, ірілі-ұсақты батыстың компаниялары бар. Әлемдегі алдыңғы қатарлы банктер – JP Morgan, Deutsche Bank, ABN Amro, IAG, Citibank Chase Manhattan және Hong Kong & Shanghai Banking Corporation – өздерінің құрылымында ислами банкке арналған арнайы бөлімдерін ашқан.

Қаржы дағдарысына дейінгі Исламдық банктердің жылдық даму динамикасы қарқынды түрде артып, 10-15% құрады. 2012 жылы ислами банктерге тиесілі активтердің құны 1,6 трлн. АҚШ долларына жетеді деп күтілуде.



Ислам банктерінің ең үлкен орталықтары Иранда (\$235 млрд.), Сауд Арабиясында (\$92 млрд.), және Малайзияда (\$67 млрд.) орналасқан. MENA ақпараттық агенттігінің мәліметтерінше ислам негізіндегі қаржылардың 56% Таяу Шығыста шоғырланған.

Ислам Даму банкінің даму перспективасы



Қазақстан мен Ислам даму банкі арасында 2012-14 жылдарға арналған әріптестік стратегиясы жасалды. Көліктік және энергетикалық инфрақұрылым, ауыл шаруашылығы, ғылым және технология сияқты экономиканың мақсатты секторлары қамтылған инвестициялар ауқымы 1 миллиард доллардан астам болып отыр. Ислам даму банкі 10 жылдан бері 3 негізгі халықаралық рейтинг агенттіктерінің жоғары рейтингіне ие болуда. Нәтижесінде ол қатысқан жобаларда ұлттық және әлемдік экономикаға ешқандай қауіп төндірмейді, ешбір мәселе туындатпайды.

«Сәтті» бағдарламасы осы жылдың қыркүйек айынан бастап Ислам Даму Банкі (ИДБ) тарапынан тартылған қаржы есебінен жүзеге асырыла бастайды, деп жоспарлауда «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ. Бағдарламаны жүзеге асыратын пилоттық аймақтар ретінде Ақтөбе, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстары бекітілді.

ҚОРЫТЫНДЫ



Исламдық қаржы жүйесі әділдік қағидасына құрылған. Қоғам ішінде, отбасында, қызметте әділдік болатыны сияқты, қаржы жүйесінде де әділдік берік болуы тиіс. Ислам банктерінің табысты да, шығынды да кәсіпкермен тең бөлуі – осы әділдіктің нақты көрінісі. Дамыған мемлекеттерде банктың да, табыстың да қызығын тек бай адамдар көреді. Ал исламдық қаржы жүйесін қабылдаған елде мұның бәрі бар халыққа ортақ. Әлемнің өзге де елдері секілді, Қазақстан экономикалық дағдарыстан шыққысы келсе, исламдық қаржы жүйесін қабылдауы тиіс. Ислам экономикасы жұмыссыздық мәселесін тиімді шеше отырып, тұрмыс деңгейі әртүрлі адамдардың бәріне тиімді болады.

Байдалы шешеннің айтатыны бар: «Біріншіден не жаман – арамнан жиған қоң жаман». Тәуекелді клиентпен бірге бөліспей, қайтарым қаржының пайыздық мөлшерлемесін аспандатып, артық ақшаға оңай кенеліп келген банктердің салы суға кетті.

Егер Ислам даму банкі елімізде тұрақты түрде орнығып, жүйелі түрде жұмыс жасайтын болса, біздің мемлекетіміздің экономикасы, әсіресе Қаржы жүйесінің болашағына деген үміт зор. Менің пікірімше, осындай жағдай орныққан күнде еліміздің қаржылық жағдайы жақсы болатынына сенімдімін. Себебі, біріншіден, бұл жүйе тазалыққа негізделген. Сондай-ақ, оның мақсаты да айқын, ол – халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту. Бүгінде елімізде, тіпті бүкіл әлемде «несиемен өмір сүре аламыз» деген түсінік қалыптасқан. Яғни адамдар несиеге әбден бой үйретіп алған. Ал келешегі жоқ бұл үрдісті түпкілікті жоюда исламдық қаржыландырудың маңызы зор.

ҚОРЫТЫНДЫ



Қаржы нарығы – капитал несие берушілер мен қарыз алушылар арасында бағалы қағаздарды шығару және сатып алу-сату нысанында қайта бөлінетін несие капиталдары рыногінің бір бөлігі. Қаржы нарығының бастапқы және қайталама рыноктардың жиынтығы деп қарауға болады. Бастапқы рынок бағалы қағаздарды шығару сәтінде пайда болады, оған қаржы қорлары жұмылдырылады. Қайталама рынокта бұл қорлар бірнеше рет қайта бөлінеді. Қайталама рынок биржалық және биржадан тыс рыноктарға ажыратылады. Мамандандырылған қор биржалары болып табылатын биржалық рынокта жетекші компаниялардың акциялары, ал биржадан тыс рынокта түрлі себептермен биржада бағасы белгіленбеген бағалы қағаздар сатып алынады және сатылады.

Институттық тұрғыдан қаржы нарығы несие-қаржы институттары болып табылады, осы институттар арқылы қаржы ағыны меншіктенушілерден қарызгерлерге және керісінше құйылып отырады. Мұндай құйылу қаржы қорларын ешқандай қаржы делдалдарынсыз несие берушілерден тікелей қарыз алушыларға беру нысанында болады. Мүдделердің үйлеспеушілігін қаржы делдалдары жойып отырады, оларға қаржы институттары: коммерциялық банктер, несие одақтары, қор биржалары, қаржы компаниялары, зейнетақы және сақтандыру қорлары, инвестиц. банктер, құрылыс қоғамдары, т.б. жатады. Қаржы делдалдары қажет болған жағдайда қарыз алушылардың елеулі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін бірнеше несие берушілердің қаражатын біріктіреді және ықтимал қатерді (тәуекелдікті) мойнына алады, сөйтіп, Қ. н-ның тұрақтануында маңызды рөл атқарады.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!!!